

**Италия Республикасының Қоршаған орта және жер
мен теңізді қорғау министрлігі**

мен

**Қазақстан Республикасы Энергетика
министрлігі**

арасындағы

**климаттың өзгеруіне осалдық, тәуекелдерді бағалау,
бейімделу және оның салдарлары саласындағы
әріптестік**

жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандум

КІРІСПЕ

Италия Республикасының Қоршаған орта және жер мен теңізді қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – бірге «Тараптар» және жекеше «Тарап»);

Тараптар» Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы Негіздемелік Конвенциясының (БҰҰ КӨНК) және Киото Протоколының қатысушылары екендігін; және климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі Париж келісімін ратификациялағанын **ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП**;

Барлық тараптар Ұлттық деңгейде анықталатын үлестерді анықтап, хабарлауға шақырған Париж келісімінің 4-бабы мен (БҰҰ КӨНК) Тараптар конференциясының 1/СР.19. 1/СР.20 и 1/СР.21 шешімдерін **НАЗАРҒА АЛЫП**;

Бейімделу саласында неғұрлым белсенді іс-әрекеттер және халықаралық әріптестік жедел тәртіпте, қатысушы елдердің осалдығын төмендетуге және орындылықты қалыптастыруға бағытталған, бейімделу шараларын қолдап, іске асыруды енгізу қажеттігін **АТАП ӨТІП**;

БҰҰ КӨНК тетіктерімен сәйкес әзірленіп, іске асырылатын жаңартылатын энергия көздері бойынша жобалар, әлеуетті мүмкіндіктерді қамтамасыз ететінін, сондай-ақ оның нәтижелері парниктік газдар шығарындыларын азайту және орнықты дамуға тиімді үлестерін енгізе алатынын **ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП**;

Италиялық Қоршаған орта және жер мен теңізді қорғау министрлігінің ЕО Орталық Азия үшін стратегиясына сәйкес қоршаған орта мен суды қорғау бойынша платформасындағы үйлестіруші рөлін **ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП**,

және 2015 жылғы 12-13 қазанда Италияның Милан қаласында орын алған қоршаған орта және су ресурстары мәселелері бойынша 5-ші конференциясындағы ЕО мен Қазақстан, сондай-ақ Орталық Азияның басқа да елдерімен бірлескен келісімін **НАЗАРҒА АЛЫП**,

төмендегілер туралы осы меморандумға қол қойды

Мақсаты

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумның мақсаты, қол қоюшы тараптар құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасында климаттың жаһандық өзгеруімен күресті күшейту мен іс-әрекеттерді үйлестіру және оның жағымсыз салдарларын жою, климаттың өзгеруіне осалдықты азайту тетіктерін қолдау және тәуекелдерді бағалау, таза әрі тиімді энергияны алға бастыру, орнықты төменкөміртекті экономикаға көшуді ынталандыру, қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғау үшін мүмкіндіктерді және бейімделу іс-әрекеттерін іске асыру болып табылады.

Әріптестік салалары

Тараптар, мынадай салалардағы ортақ мүддесі бар мәселелер бойынша әріптесуге ниеттенеді:

- a) климаттың өзгеруін бақылауға жататын метеорологиялық деректерді тарату, талдау және жинау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және туризм секілді, экономиканың осал секторларына әсерлерді өлшеу;
- b) ұлттық анықталатын үлестерді орындау, мониторинг, есептілік және ұсыну;
- c) БҰҰ КӨНК және оған қатысты құжаттардың тетіктерін жүзеге асыру әлеуетін нығайту;
- d) төменкөміртекті даму бағытындағы экономикалық және технологиялық трансформациялауды ынталандыру және тарату;
- e) жаңартылатын энергия көздерін қолдануды алға бастыру және дамыту, сондай-ақ энергия сақтауды және энергия тиімділікті арттыру;
- f) энергия тиімділігі негізінде инфрақұрылымды және өндіріс технологияларын жаңғырту;
- g) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту;
- h) жаһандық климаттың өзгеруіне бейімделу және салдарларын жұмсарту бойынша қоғамдық білім беруді және ақпараттық-ағартушылық кампанияларды дамыту;
- i) бірлескен ресурстарды қолдану, техникалық әріптестік және жаһандық климаттың өзгеруі бойынша басқа бастамалармен ақпарат алмасу;
- j) климат мәселелері бойынша мониторинг, есептілік үшін әлеуетті нығайту;
- k) орнықты транспортты дамыту;
- l) экожүйелерді қорғау және орман жамылғысын үлкейту;
- m) су ресурстарын интегралды басқару;
- n) қалдықтарды басқару.

Кейінгі әріптестік бағыттары Тараптардың бірлескен келісуінен кейін анықталатын болады.

жобаларды және іс-шараларды өткізу барысында, Тараптар алалықсыздық, теңдік, өзаралық және ортақ мүдделерге негізделуді ниеттенеді.

Үлестер

Меморандумға жататын кез-келген шығыстар, оның ішінде осы Меморандумға сәйкес бағдарламалар, іс-шаралар және жобалар Тараптардың қолда бар бюджеттік ресурстарынан өтеледі және ешқандай жағдайда Италия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін қосымша шығындар туғызбайды.

Қорытынды ережелер

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және егер Тараптың біреуі оны тоқтату ниеті туралы жазбаша түрде, кем дегенде (6) ай бұрын ескертпеген жағдайда, бес жыл бойы әрекет етеді.


Осы Меморандумның ережелері Тараптар арасындағы жазбаша келісіммен өзгертілуі мүмкін.

Осы Меморандумды түсіндіруге және қолдануға байланысты туындайтын кез келген даулар консультациялар арқылы бейбіт жолмен реттеледі және үшінші тараптарға немесе соттарға қарауға берілмейді.

Осы Меморандум халықаралық шарт болып табылмайды және халықаралық құқықпен реттелетін қандай да бір құқықтар мен міндеттерді туғызбайды.

Астанада 2017 жылғы 4 қыркүйек күні екі данада қол қойылғанекі данада қазақ, орыс, итальян және ағылшын, тілдерінде қол қойылды, олардың мәтіндері сайма-сай. Мәтіндер арасында алшақтық пайда болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

**Итальяндық Республиканың Қоршаған
орта және жер мен теңізді қорғау
министрлігі үшін**



**Қазақстан Республикасы Энергетика
министрлігі үшін**

